



Автор: Арин Кенжегүл Арин

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Ақпаратты электронды кестелерде өңдеу

Тақырып: Қолжетімді ақпараттың негізінде мәліметтерді талдау

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.2.2.3 электронды кестені қолдана отырып есептерді шешуде кіріктірілген функцияларды қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар оқиды: Excel-де есептер шығару кезеңдерін біледі. Оқушылардың көбісі оқиды: Үлгіні пайдалана отырып, қарапайым есепті компьютерде құрады.. Кейбір оқушылар оқиды: Электронды кестедегі деректермен жұмыс істегенде автоматтық толтыруды қолданса
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар біледі: Автоматтық толтыру не екенің және оның тәсілдерін; Оқушылар істей алады: Электронды кестеде автоматтық толтырудың тәсілдерін сөзбен түсіндіре алады; Предметтік лексика және терминология: кесте, ұяшық, қатар, баған, парақ, формула, диаграмма, шартты форматтау Диалог құруға / жазылымға қажетті сөздер топтамасы - Міндетті шешу үшін біз... пайдаландық, себебі ... - Деректерді бейнелі көрсеу үшін ... болады. - Диаграмма құру үшін алдымен ..., содан кейін ...
Күтілетін нәтиже:	Excel-де есептер шығару, қарапайым есепті компьютерде құру, электронды кестедегі деректермен жұмыс істегенде автоматтық толтыру түрлерін білу
Бағалау критерийлері:	Жоғарыда аталған түсініктер бойынша есептер шығарады. Статистикалық мәліметтерге топтау жүргізіп талдайды; , АКТ ақпаратын тиімді түрде өңдеп, жеткізе алады, өзін -өзі бағалай біледі. Ақпараттық сауаттылығы артады.
Құндылықтарды дарыту:	• Өмір бойы оқуға дағдылану; • Сыйластық; • Қызметкерлік.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Ноутбуктар нтерактивті тақта, интернет.
Пәнаралық байланыс:	Математика, физика, шығармашылдық
Бастапқы білім:	Электронды кестедегі деректермен жұмыс істегеді біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Дайындалу уақыты: сабақта жоқтарды журналға белгілеу. Интерактивті тақтада жоғарғы көлемді біртекті деректері бар электронды кесте көрсетілген. Мұғалім жетелеуші сұрақар қояды: Ұсынылған кесте бойынша не айта аласыздар? Осы кестені толтыруын тездетуді мүмкін бе? Қалай ойлайсыздар? Қалай ойлайсыздар? Бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай? Оқушыларды сабақ тақырыбымен, оның мақсаттары мен жетістік критерийлерімен таныстыру. Оқушыларға «Конверттегі сұрақтар» беріледі. Өткен тақырып бойынша сұрақтар: 1. Ақпаратты іздеу қалай жүзеге асырылады? 2. Ақпаратты өңдеу деген не? 3. Ақпараттық жүйеге анықтама бер . 4. Іздеу жүйелеріне не жатады? 5. Іздеудің әдістері қандай?	Жаттығулар көрсетілімі немесе видео материалдар.
----------------------	--	--

Сабақтың ортасы	Ақпараттық жүйелердегі таңдау критерийі – бұл ақпаратты іздеу кезіндегі кілттік сөздерді қалай таңдау керектігі, сұраныстың қысқа әрі түсінікті болуы. Іздеуді жүргізу, сұранысты қанағаттандыру үшін таңдау критерийімен жұмыс жасайтын арнайы сараптама жүйесі қарастырылған. Сараптамалық жүйе – жасанды интеллект әдістері мен пайдаланушы ұсынатын деректер негізінде жағдайды ұқсастыруға, диагноз қоюға, болжам жасауға, шешімді өзгертуге, әрекетті таңдауға, ұсыныс беруге қабілетті білімдерді қамтитын аппараттық құралдардың жүйесі. Ол кейбір пән саласына (мысалы, жүрек-қан тамырлары ауруларына диагноз қою мен емдеудің сараптау жүйесі) бейімделеді және осы саладан білімді алуға, жинақтауға, түзету енгізуге, белгілі білімдерден жаңа білім тудыруға, осы білімдердің негізінде практикалық мәселерді шешу мен шешу барысын түсіндіруге қабілетті болады. Мәліметтер базасы, сақталған деректер, заңдылық пен ережеден басқа сараптамалық жүйеге программа-шешім шығарғыштар, жоспарлау міндетін орындаушылар, мәселені шешуді іздестіру, толық және айқын емес білімдерден логикалық қорытынды шығару механизмі кіреді. Сараптамалық жүйені жасау сараптамалық жүйенің түпнұсқасын – алғашқы нұсқасын даярлаудан басталады. Содан кейін оны ұзақ уақыт көп кезеңді сынақтан өткізіп жетілдіреді. Сараптамалық жүйені программалауға негізінен Лисп, Пролог, Си тілдері қолданылады. Жасанды интеллект – бұл модель мен тиісті бағдарламалық құралдар жасайтын, ЭВМ көмегімен семантикаға (мағына мәселесіне) жүгіну талап етілетін үдерісте есептесу сипатындағы емес шығармашылық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеу бағыты. ЖИ саласындағы зерттеу 30 жыл бойы жүргізілуде. ЖИ саласында жұмыстың басталуын ЭВМ-нің жасалуынан деп есептейді, ол адамзаттың ойлау қабілетінің үдерісін қайталауы (имитациялауы) тиіс болды. Егер ЖИ-ді қолдану саласын жасалған үлгілер саны бойынша қарайтын болса, онда олар былайша орналасқан болар еді: Қосымша тапсырма А: Адамдар бір күнде қанша шай ішетіні туралы сұрау жүргізілді: Қанат -5; Айша – 4; Дулат -6; Жүсіп -8; Фарида -6; Самат-7; Шынар -6. Айжан бір күнде өзі ішетін шайдың кесе саны жоғарыда көрсетілген сандардың модасына тең екенін айтты. Ол күніне қанша шай ішеді? В: Дүкенге бірнеше адамның сатып алған тауарларының саны тіркелген: 5;4;3;7;4;8;6;3;3;12;1;3. Сандарды өсу ретімен орналастырып, неше топқа бөлінетінін анықтаңдар. Модасы мен арифметикалық ортасын есептеңдер. Жауабы: 8 топ; мода -3, мединана – 4, арифметикалық орта – 5. С: Жеке шаруашылық 9 егістік жерге бидай екті. Бір егістік жердің әр гектарына 21 центнерден өнім алынды. Басқа егістік жерлеріндегі егін өнімділігі: 24, 18, 28, 18, 24, 24, 21, 22, 19. Осы сандардың арифметикалық ортасын, медианасын, модасын табыңдар. Топпен жұмыс 7 мин Топтағы оқушылар аяқ киімінің өлшемінің арифметикалық ортасын, модасын, медианасын анықтаңдар. Аяқ киім дүкенінің басшысы осы өлшемдердің қайсысын жақсы білуі тиіс? «Ойлан, бірік, бөліс»: Ақиқат, мүмкін емес, мүмкін сөздерін қолданып, ықтималдыққа мысал келтіріңдер: . Өзіндік жұмыс № 1 тапсырма. Батырмалардың атын жазыңыз. № 2 тапсырма. Операциялар мен мәзір командаларының тізбегін сәйкестендіріңіз. . Топтастыру. Ал, балаларсоныменбүгінгісабақты не білдік? Не үйрендік? Қане есімізге түсірейікші? Топтық жұмыс 1. «Кестелерді пішімдеу тақырыбын оқу. Дәптермен жұмыс жасау. 2. Тізімдерді жасау. Кесте түріндегі мәтінді ібезендіру 3. Шығармашылық тапсырма: Ұлы Отан Соғысының және Еңбек ард агерлері бойынша	Сергіту сәті Сұрақ парақшалары. Оқулық, дәптерлер. Ойын ойнайық.
-----------------	---	--

Сабақтың соңы	Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бас бармақ саалынған суреттер арқылы бағалау. 5e745c2d9d113.png Image not found or type unknown	Смайликтер
Рефлексия	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз? Сөйлеу-речи-speeches	